

**Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің онлайн форматта
өткізілген отырысының
№ 1 хаттамасы**

Астана қ.

2026 жылғы 1 сәуір

Төраға: Акпарова Шынар Куанышовна, Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту вице-министрі;

Модератор: Қасымова Акзира Бактыбаевна, Техникалық және
кәсіптік білім департаменті директорының міндетін атқарушы,
Республикалық оқу-әдістемелік кеңес төрағасының орынбасары

Күн тәртібі:

1. Колледж педагогтері біліктілік санатын беру (немесе растау) үшін
біліктілік тестілеуінен өтетін пәндер тізбесін айқындау және бекіту.

2. ТжКБ жүйесінің педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру
курстарының бағдарламаларын әзірлеу.

3. Колледж басшысы мен педагогінің құзыреттерін бағалау
бойынша әдістемелік құралдар.

4. Өңірлік білім беру-өндірістік кластерін құру бойынша әдістемелік
ұсынымдарды бекіту.

5. ТжКБ жүйесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім
алушылар үшін тиімді педагогикалық тәсілдер, оларды бейімдеу және
орынды түзету бойынша әдістемелік ұсынымдар

6. ТжКБ жүйесінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске
асыру бойынша бейімделген сабақтардың үлгілік модельдері мен
практикалық құралдарын әзірлеу және оларға қатысты әдістемелік
ұсынымдар

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарының педагогикалық мамандықтары білім алушыларының
инклюзивті тәсілді іске асыруға базалық дайындығын қалыптастыру
жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған жалпыға міндетті модульдердің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Шешім:

1. РОӘК отырысында сөз сөйлегендер А.К. Кажкенованың, Е.Б. Утеулиевтің, С.А. Койлыбаеваның, Д.К. Есжановтің, К.А. Жуманбаеваның, А.А. Бондареваның, И.Х. Капанованың, Қ. Қ. Әмірдің ақпараттары назарға алынсын.

2. Мақұлдансын және бекітілсін:

2.1. Біліктілік санатын беру (немесе растау) үшін педагогтердің біліктілік тестілеуінен өтетін 1-қосымшаға сәйкес пәндер тізбесі;

2.2. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының 2-қосымшаға сәйкес бағдарламалары;

2.3. Колледж басшысы мен педагогінің құзыреттерін бағалау бойынша әдістемелік құралдар;

2.4. Өңірлік білім беру-өндірістік кластерді құру бойынша әдістемелік ұсынымдар;

2.5. ТжКБ жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тиімді педагогикалық тәсілдер, оларды бейімдеу және орынды түзету бойынша әдістемелік ұсынымдар;

2.6. ТжКБ жүйесінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша бейімделген сабақтардың үлгілік модельдері мен практикалық құралдарын әзірлеу және оларға қатысты әдістемелік ұсынымдар;

2.7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық мамандықтары білім алушыларының инклюзивті тәсілді іске асыруға базалық дайындығын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

2.8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған жалпыға міндетті модульдердің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

3. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыс орталықтарының оқу-әдістемелік кабинеттеріне, сондай-ақ бейіндер бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерге осы шешімнің 2-тармағында бекітілген материалдарды колледждердің назарына жеткізуді тапсырсын.

**РОӘК төрағасының орынбасары,
Техникалық және кәсіптік білім
департаменті директорының
міндетін атқарушы**



А. Қасымова